3. На внутренней стороне удостоверения на белом фоне изображен защитный тангир голубого цвета с использованием скрытой формы солнца и парящего орла в круге. В верхней части размещены надписи соответствующего государственного органа (на казахском и русском языках), под ними, отделившись от текста синей отбивочной полосой, надписи «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ».

4. На левой стороне: фотография (анфас, цветная) размером 2,5 x 3,5 см, текст на казахском языке, заверенный подписью секретаря городского маслихата и гербовой печатью.

5. На правой стороне: изображение Государственного Герба Республики Казахстан на голубом фоне размером 3 x 4 см, под гербом надпись лазурного цвета «ҚАЗАҚСТАН» и текст на русском языке. Ниже указывается срок действия удостоверения (выдается сроком на три года).

РАЗЪЯСНЕНИЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА ПО ВОПРОСАМ РЕАБИЛИТАЦИИ ИНВАЛИДОВ

Приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 22 января 2015 года № 26 разработаны Правила по следующим видам:

1. Правила предоставления в соответствии с индивидуальной программой реабилитации социальных услуг индивидуального помощника для инвалидов первой группы, имеющих затруднение в передвижении и специалиста жестового языка для инвалидов по слуху - тридцать часов в год.

2. Правила предоставления санаторно-курортного лечения инвалидам и детям-инвалидам.

3. Правила обеспечения инвалидов протезно-ортопедической помощью и техническими вспомогательными (компенсаторными) средствами.

4. Правила обеспечения инвалидов специальными средствами передвижения.

По всем вопросам обращаться в Отдел занятости и социальных программ города Приозерск по телефону 5-49-40.

Главный специалист отдела занятости и социальных программ
Г.Байманасова



жоба

проект

МҮГЕДЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ КВОТАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңдарына сәйкес, Приозерск қаласы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда қызметкерлердің тізімдік санынан пайызбен көрсеткенде қосымшаға сәйкес мүгедектер үшін 2%-дан 4%-ға дейінгі көлемде жұмыс орындары квотасы белгіленсін.

- 2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

Приозерск қаласы әкімдігінің 20 жылғы «...» №... қаулысына қосымша

ОБ УСТАНОВЛЕНИИ КВОТЫ РАБОЧИХ МЕСТ ДЛЯ ТРУДОУСТРОЙСТВА ИНВАЛИДОВ

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 6 апреля 2016 года «О занятости населения», акимат города Приозерск ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Для организаций независимо от организационно-правовой формы и формы собственности в процентном выражении от списочной численности работников установить квоту рабочих мест для инвалидов в размере от 2% до 4% согласно приложению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Казиеву Б.А.

3. Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким города

К. Камзин

Приложение к постановлению акимата города Приозерск от «...» 20 г. №...

Мүгедектер

үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

Table with 5 columns: №, Ұйымның атауы, Қызметкерлердің тізімдік саны, Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан), Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны

Перечень организаций, для которых устанавливается квота рабочих мест для инвалидов

Table with 5 columns: №, Наименование организации, Списочная численность работников, Размер квоты (% от списочной численности работников), Количество рабочих мест для инвалидов

...Өз тіліңді құрметте!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ЕЛ МЕРЕЙІ

Мемлекеттік тіл — мемлекетіміздің негізгі атрибуттарының бірі. Ата заңымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі» деп жазылған. Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шын-дап келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бей-жай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз»-деген болатын. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Елбасымыз айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше, тілімізді, ұлтымызды отбасымызды қадірлегендей қадірлейік!

Тіл туралы заңның қабылданғаны, оның баптарының жүзеге асырылуының бағдарламаларының жасақталғаны, мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы мектептерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз. Сол себепті басты жауапкершілік тіл мамандары біздерге жүктеліп отыр. Ата заңының баптарында сонымен қатар «Тіл саясатының тұжырымдамасы» мен «Тіл туралы Заңда» айтылған басты мәселе мемлекеттік қазақ тілін дамыту. Ең бастысы, қазір қазақстандықтар тарапынан мемлекеттік тілді қолдау және дамыту бағытында барынша мүдделік танытып отыр. Бүгінгі күні тілдерді дамыту жан-жақты қарастырылуда. Тіл тағдырына деген жеке адам ретінде жанашырлығымызбен қамқорлығымыз артауда.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Мемлекеттік тіл – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

Приозерск қаласы Әділет басқармасы

Состояние условий ведения бизнеса

КАЗАХСТАН СДЕЛАЛ БОЛЬШОЙ РЫВОК В МИРОВОМ РЕЙТИНГЕ ВЕДЕНИЯ БИЗНЕСА «DOING BUSINESS»

Ежегодно среди 189 стран мира составляется рейтинг благоприятности условий ведения бизнеса Doing Business. В соответствии с новым отчетом Всемирного Банка Казахстан переместился с 53-го на 41 место. Однако президент Казахстана Нурсултан Назарбаев поставил задачу – республика должна войти в 30 стран этого авторитетного международного рейтинга.

Казахстан сделал большой рывок, улучшив свои позиции на 12 пунктов по сравнению с прошлым рейтингом.

Надо подчеркнуть, что, по мнению международных экспертов, Казахстан является ведущим реформатором и осуществил самое большое количество реформ среди государств мира – 19 реформ в семи из десяти тематических областей.

Если говорить об основных индикаторах, то по пяти из них Казахстан вошел в первую тридцатку стран рейтинга. К примеру, по такому индикатору, как «исполнение контрактов», Казахстан переместился на 9 позицию с 14 места прошлого рейтинга. По индикатору «регистрация предприятий» мы переместились с 53-й строчки на 21-ю. По показателю «налогообложение» Казахстан занял 18 место, «регистрация собственности» - 19-е, по «защите миноритарных инвесторов» сохранил 25 строчку.

Но перед нами стоит вполне конкретная задача – мы должны быть в тридцатке в общем рейтинге! Действительно, правительство провело масштабную работу по реформированию действующего законодательства, предприняты беспрецедентные меры по улучшению деловой среды и снижению административного давления на бизнес.

Как уже было сказано, проведена работа по реформированию законодательства. Это касается и совершенствования разрешительной системы, упрощения процедур создания бизнеса, оптимизации государственной контрольно-надзорной деятельности, и в целом улучшения бизнес-климата в стране. Упрощена процедура оформления земельного участка, регистрации предприятия, для объектов с пониженными требованиями экологических норм исключили процедуру проведения

оценки воздействия на окружающую среду.

Облегчили жизнь и представителям малого и среднего бизнеса. В частности, теперь у нас отменены требования регистрационного сбора для МСБ, печати для всех субъектов частного предпринимательства, технического паспорта при регистрации прав на недвижимое имущество, введен принцип «одного окна» с возможностью прохождения комплексной строительной экспертизы. Исключены также дублирующие экспертизы по экологической и промышленной безопасности, санитарно-эпидемиологического надзора.

За 9 месяцев т.г. Управление юстиции г. Приозерск проведено 5 «круглых столов», 7 семинаров и прочитано 12 лекции. Плюс ещё публикация статьи в местной газете, информационные листы, буклеты, памятки для ознакомления предпринимателей и участников внешне-экономической деятельности о реформах.

Создан и функционирует интернет-ресурс Doing Business in Kazakhstan (www.doingbusiness.gov.kz). На этом портале размещены принятые законы в рамках улучшения позиции Казахстана в рейтинге, информация о текущих показателях, анализ работы. На официальных сайтах центральных государственных органов имеются разделы «Основные реформы в рейтинге Doing Business».

Методология Всемирного банка постоянно меняется, критерии к странам из года в год дополняются. И в этом вопросе у государств, участвующих в рейтинге, тоже своеобразная конкуренция. Поэтому если государство не будет продолжать реформирование, то рискует откатиться вниз в будущих рейтингах.

В первую очередь, государство должна сосредоточиться на тех показателях, по которым пока занимаем не лучшие позиции. Это и «международная торговля», и «получение разрешений на строительство», и «подключение к системе электроснабжения». Государство делает все усилия что бы подтянуться по этим индикаторам.

Управление юстиции города Приозерск

ХАБАРЛАНДЫРУ

2016 жылдың 20 қазанында мәслихат депутаттары қала тұрғындары үшін «Ашық есік» күнін сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін Балқаш көшесі 5 үйдің 2 қабатында орналасқан қалалық мәслихаттың ғимаратында өткізеді. (Сұрақтар мен өтініштерге арналған жәшік орнатылған) Жазылу мен анықтама 5-22-26 телефоны арқылы.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Депутаты городского маслихата проводят «День открытых дверей» для жителей города Приозерск 20 октября 2016 года с 16.00 до 18.00 часов в здании городского маслихата по адресу: ул. Балхашская 5, 2 этаж. (имеется ящик для вопросов и предложений) Запись и справка по телефону 5-22-26

”БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ - 2020”

Қазақстанда кәсіпкерліктің, әсіресе шағын және орта бизнестің дамуы экономикалық реформаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Ал, бизнестің жоғары деңгейде дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекет тарапынан белгілі бір дәрежеде қолдау көрсетілуі керек. Осыған байланысты бизнес бастаманы қолдау және жеке бизнесті дамытуды ынталандыру мақсатында мемлекет тарапынан әр түрлі бағдарламалар іске асуда. Оның ішінде "Бизнестің жол картасы - 2020" бағдарламасын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсатында іске асыруда.

2016 жылы 9 айы бойынша Приозерск қаласында «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мен дамытуды бірыңғай бағдарламасы аясында 1 жоба несиелендірілді. Инвестициялық жоба бағдарламаның бірінші бағыты «Монокалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің жаңа бизнес-бастамаларын қолдау» аясында сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бойынша жүзеге асырылды.

Сонымен қатар «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы аясында 2016 жылы қыркүйек айындағы Қарағанды облысы Үйлестіру кеңесінің қарастыру нәтижесіне сәйкес жеке

кәсіпкер А.Д.Оспановтың «Тренажер залын ашу» инвестициялық жобасы қолдау тауып грант қаржыланады.

2016 жылы мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру бойынша қала кәсіпкерлерімен 2 кездесу өткізілді. Кездесуге «Даму» кәсіпкерлікті қолдау» акционерлік қоғамының өкілі қатысып «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының төртінші бағыты «Бизнес кеңесші» аясында 1 жедел оқыту курстарын өткізді. Жедел курстарға қаламыздың 29 тыңдаушысы қатысып сертификат алды.

Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалар аясында жүзеге асыру мақсатында инвестициялық жобаларды іздестіру бойынша қала кәсіпкерлерімен жұмыстар жүргізілуде.

Қорыта айтқанда, шағын және орта бизнесті елдің тұрақты тығыны, ондағы саяси және әлеуметтік экономикалық жағдайдың орнықтылығының тірегі ретінде атап көрсетуге болаты.

Б. Жұмаханова,
«Приозерск қаласының Кәсіпкерлік және АШ бөлімі»
ММ-нің бас маманы

Заңгердің кеңесі

«ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ»

Қазақстанда зияткерлік меншік жүйесінің орнығу үдерісі Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің орнығуы, нығайтуымен қатар жүрді. Жоспарлы экономикадан нарықтық шаруашылық етуге тікелей өту зияткерлік меншік нысандарын пайдаланумен байланысты қатынастарға ықпал етті. 1996 жылдың 10 маусымында Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы қабылданды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық патенттік ведомствосының және мемлекеттік авторлық және шектес құқықтар жөніндегі агенттіктің құрылуы зияткерлік меншік нысандарына құқықтарды қорғаудың ұлттық жүйесінің негізін қалады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 25 маусым 1999 жылғы Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда Министрілігінің Авторлық құқық жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Әділет Министрілігінің құрамына өтіп, аумақтарда авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру жауапкершілігі облыстық Әділет басқармаларының мамандарына жүктелді. Осыған орай Қарағанды облысы Приозерск қаласының Әділет басқармасы, зияткерлік меншік құқығы саласындағы

2016 жылдың 9 ай аралығында Приозерск қаласы әділет басқармасымен зияткерлік меншік саласында жергілікті мекемелермен бір-лесе 7 «дөңгелек үстел» және 10 семинар өткі-

зілді. Сонымен қатар жеке кәсіпкерлер мен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне Приозерск қаласы әділет басқармасы 17 дөріс оқыды. Сонымен бірге, Мемлекеттік бағдарлама экономикалық әлеуетті ұтымды аумақтық ұйымдастыру негізінде экономикалық өсу орталықтарын құруға бағытталған.

«Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында мемлекет басшысы Қазақстанның әлемнің 30 дамыған елдердің қатарына кіруі жөнінде тапсырма берді. Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекелестік индексі көрсеткіштерінің бірі «Зияткерлік меншікті қорғау» көрсеткіші болып табылады.

Осыған орай, әділет органдары үкіметтік емес ұйымдармен, кәсіпкерлер қоғамдық одақтарымен өзара іс-қимылды нығайту, сонымен қатар отандық нарықта контрафактілі өнімді таратуды азайту жөніндегі жоспарды атқару бойынша іс-шаралар қабылдаған. Сондай-ақ, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру және Жаһандық бәсекелестік индексі рейтингінде Қазақстанның ұстанымын көтеру бойынша мемлекет басшысы қойған талаптардың аясында зияткерлік меншік құқығы тиісті түрде қорғау - стратегиялық нысан болып табылатынын атап өту қажет.

Приозерск қаласы
Әділет басқармасы

Біле жүріңіз

КЕУРЕК – КИЕЛІ ӨСІМДІК

Менің балалық шағым өткен Қызылқұмда кеурек өспейтін. Көктем кезінде әжеммен бірге қыдырып тегіске түскенде 3-4 жаста едім ұмытпасам. Сарғайған бастары қауқиған, сап түзеген солдаттай, үлкенді-кішілі адамдар секілді қаптаған қауғабастарды алғаш көргенде біртүсті киінген кісілер екен деп қалғаным әлі есімде. «Әже, анау не, адамдар ма?!» деп айғайлап жіберген маған машина қорабындағы адамдар «шу» етіп күле жөнелсін. Қызырақтап бәріне жалтақ-жалақ қараймын. «Өй, мәріктер, бала кеурек көріпті деймісіңдер ме, түге?!» - деп кейіген әжем кабина түбіне жайғасқан жігітке «мәшінді тоқтат» деп бұйырды. Жігіт кабина төбесін тарс-тарс ұрып жібергенде құйғытып келе жатқан шопыр көлікті кілт тоқтатқан. Қораптаан секіріп-секіріп түскен адамдар жапатармағай кеурекке қарай ұмтылсын. Біз де түстік. Әжем мені жетелеп алып, кішілеу бір кеуректің түбін қаза бастады. «Әже, анда үлкені бар екен, соны алайық» деймін мен. «Жоқ, балам, кеуректің кішісі дәмді болдады.

Үлкені қатайп кеткен», деген әжем әнеміне дегенше кеуректі түбін жұлып алып: «Жарықтық, ашаршылықта ас-ауқат болып, жұртты аман сақтаған, жаугершілікте жауды үркітіп, ажалдан арашалаған құдайдың берген несібесі мен құтқарушысы ғой», деп, сындырып алып, маған да ұсынды. Әжемнің неге бұлай дегенін түсінбей: «Ол не, әже?» - дедім. Ауылға барғасын айтсам деп әжем қысқа қайырды. Кеуректің дәмін алғаш рет татуым. Кермек дәмі не қауынға, не қарбызға, не алмаға ұқсамайтын, суы сыртына шыққан өсімдіктің түбіртегі құшырлана жедім. Маған қатты ұнады. Әжем тағы бірнешеуін қазып алып, қарагеспесінің қалтасына салып алды. Жұрттың бәрі де дабырласып жүріп қалталарын жайлаған. Қайта жолға шықтық.

Бір жетідей қыдырыстап, ауылға келгесін әжем мынадай әңгіме бастады:

— Соноууу ілгері заманда осы төңіректі жайлаған елге жау шабады деген хабар жетіпті. Шошынған ел басшыларына барып жағдайды жеткізеді. Ауылда құдайына қараған әулие кісі бар екен. Барлығы соған

АЛАШТЫҢ ТҰҢҒЫШ АЛЫБЫ

Шымкенттен шығып, Түркістанға баратын жолда Темірлан деген ауыл бар. Бұл жердің қасиеттілігі сонда – мұнда қазақ ұлтының алғашқы алыбы, күресте қуатына жан шақ келмеген балуан, нағыз қара күштің иесі Қажымұқан атамның сүйегі жатыр. Осыдан 15 жылдай бұрын Түркістанға сапар шеккенде себеппен жолым түсіп, батыр бабаның басына тәу етіп кеткенім бар. Бұндағы жұрт күш атасының қабірін де, арнайы орнатылған ескерткішін де аса ұқыптылықпен күтіп, баптайтынын байқадым. Біз Қажымұқан туралы мектеп қабырғасында жүргенде әдебиет пәнінен оқып, білдік. Кейін ол туралы жазылған Сәуірбек Бақбергеновтің кітабынан оның өмірімен тереңірек таныстық. Алып бабамыздың туғанына биыл 145 жыл толуына орай газет оқырмандарын оның қысқаша өмірбаянымен таныстыра кетуді жөн санаймыз.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы – қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген Қажымұқан бабамыз. Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 54 мемлекетте күреске түсіп, 48 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты ХХ ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазаққа ғана болды. Ресейдің балуандар тобында Қажымұқаннан күші асқан ешкім болмағанын да айтуға тиіспіз. Дүние жүзінің чемпиондары Иван Поддубный, Иван Шемжик, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Георг Гаккеншмидт, Поль Понс, Вейланд Шульц сынды жампоздармен қатар жүру, боз кілемдегі айқастарда осы балуандарды шетінен жығып, бәйге алу – сол заманда нағыз ерлік еді. Ол кезде империяның буына семірген Ресей күресінің қожайындары қазақты шын мәнінде менсінбегені анық. Қажымұқан сондай ортада намысын жатқа берген жоқ. Кеулесін ешкімге бастырмады. Күрес қожайындарының, төрешілердің сан мәрте әділетсіздігіне белі бүгілмеді, еңесі түспеді.

Тарихи деректерге сүйенсек, ол 1871-жылғы 7-сәуірде Ақмола уезі, Қараөткел деген ауылда дүниеге келген. Кейбір зерттеулерде, оның 1886-жылы туғандығы айтылады. Қажымұқан келесі шаруаның баласы болғандықтан, орыс байларына және дәулетті адамдарға жалданған. Боз-бала шағында шанаға артылған шөптің үстіне өлген атты өзі жүктеп, бәйн қоса шанына сүйреп ауылға жеткенін кітаптан оқыдық. Сөйте жүріп күреске түсіп, той-томалақтарда елге көрініп, бала балуан деген атқа ие болған. Бірде ауылына келген цирк қожайыны Злобин деген кісіге ұнайды да, Санкт-Петербургтегі алғашқы кәсіби мектепті ашқан атақты Лебедевке хат жазып жібереді. Сол арқылы ол сол жаққа барады. Онда үш жылдай дәріс алады. Содан кейінгі өмірі Қажымұқанның үлкен өрісте болады, жылдан жылға мәртебесі биіктей түседі.

Қажымұқанның тұңғыш рет әлемдік деңгейде көрінген шағы – 1906-жыл. Алманияда өткен дүниежүзілік сайыста ол әлем чемпионы атанады. Қажымұқан атамның Мухан, «Иван

барып, тосаттан келгелі тұрған тажалдан қалай құтылуының амалын жасауын сұрапты. Елдің бас көтерер азаматтары олағқа (өзбектің базарлы жері) базаршылап кеткен де, ауылда көрі-құртан, балашаға, қатын-қалаш қалған екен. Әулие кісі жылыған елге: «Барып кетпен-күрек, сойыл-таяқтарыңды жиып таңға дайын болыңдар. Жарық түсе жолға шығамыз, барыңдар!..», деп шығарып салыпты. Аң-таң болған жұрт бұйрықты орындауға кіріседі. Таң сәріде ауылдың тайлы-тұяғы қалмай, әулие айтқан жерге жиналады. Оларды ертіп алған басшылары жау келеді деген тұстағы төбеге шыққанда бұндағы жұрт самсап тұрған саржағал түсті жауынгерлерді көргенде шошығаннан шалақасынан түсе жаздайды. Қаннен қаперсіз елдің алдына шыққан әулие: «Мынау Төңірдің бізге жіберген арашасы, бұр кеурек деген өсімдік. Енді бәрің осы кеуректерге араласып тұра қалыңдар», деп тағы бұйырады. Ауыл адамдары оның айтқанын бұлжытпай орындап, кеуректерге араласып тұрыса қалады.

Күн шапағы сезіле бергенде жаудың да алды көрініпті. Алда келе жатқан шолғыншылар алдағы төбеге көтерілгенде күн шығар жақта самсап тұрған, қатарласа сап түзеген мыңдаған қолды көріп, қайран қалыпты. Араларынан бірі артта алаңсыз келе жатқан қолбасыларына көргендерін шошына баяндайды. Төбеге



Чёрный» сияқты лақап есімдері болған. 1909-жылғы халықаралық палуандар жарысына ол «Қара Мұстафа» деген атпен шыққан. Сөйтіп бүкіл дүние жүзінде Мұқанның неше түрлі лақап аттары тарай бастайды. 1910-жылы Мұқан тұңғыш рет Оңтүстік Америка құрлығына табан тірейді. Аргентинаның астанасы Буэнос-Айрес қаласында өткен еркін күрестен болған біріншілікте ол Америка чемпионы атанады.

1911-жылы Мұқан Мұңайтпасов Ыстамбұлға барады. Сол кезеңде әлемде түрік палуандарынан мықты палуандар жоқ сияқты көрінетіндігі соншалық, ол жаққа орыс палуандары аяқ баспайды екен. Осы ретте намысқой Қажымұқан өзі түркі халқының өкілі ретінде Түркияға баруға бел буады. Атамыз полшада өткен жарыста поляк қызы, цирк әртісі Надежда Николаевна Чепковскаямен танысып, онымен отау құрған. Омбыда мешітке апарып, оған Бәтима деген ат беріп, мұсылман дініне кіргізген.

Ұлы Отан соғысы басталған кезде Қажымұқан ҚКСР Жоғарғы кеңестің төрағасы Қазақбасқа жолығып, оған «Ел аралап, цирк өнерін көрсетсем, сол арқылы ақша тауып, майданға көмектесем» — деген ұсыныс айтады. Бұл ұсынысты үкімет қолдап, екі жылға жуық жүріп цирк өнерін көрсетіп, 100 мың сомдай ақша табады. Осы ақшаға әскери ұшақ жасатып, Ұлы Отан соғысына да үлес қосқан. Аталмыш ерлігі үшін Сталиннен арнайы алғыс хат алған. Егер ол өз заманында тәуелсіз елдің азаматы болса, оның Мұқан Мұңайтпасұлы деген шын есімі әлемдік спорт тарихында алтын әріптермен жазылар еді. Өмірінің 55 жылын күрес пен цирк өнеріне арнап, 50 шақты медальдің иесі болған, өмірінде жеңіс тұғырынан түспеген дара тұлға – қазақтың нағыз нас батыры емес пе? Ол 1948-жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданы, Ленин туы колхозында қайтыс болды. Темірлан деген ауылда, қабырының басына ескерткіш орнатылған. Оның төрт әйелінен тараған ұрпақ Түркістан мен Ақмола өңірінде өмір сүреді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

көтерілгенде басшылары да сары-ала, кара-ала киімді, бастарына даңғарадай сары дулыға киген өңкей жауынгерлерді көреді де, көзі атыдай болады. Азаматтары базаршылап жүр деп ойлаған жау әскері өздерінен екі-үш есе көп, тастүйін әскерді көргенде төбе шаштары тік тұрады. Осы сәтте әулиенің бұйрығымен кеурек арасында тұрған жұрт аттандап, айғайға басады. Бұны көрген жау жағы сол жерден кері бұрылып, бытырап, артына қарамастан қаша жөнелген екен және қайтып бұл елге қарай аяқ аттап баспаған дейді. Міне, балам, бұл кеурек сол заманда ата-бабамызды жау тырнағынан аман алып қалады. Құдайдың құдіретімен, әулиенің түн бойы тілеген тілегімен бір түнде өсіп шыққан екен деп отыратын үлкендер. Кейін ашаршылық кезінде өзіміз де әжелеріміздің үйретуімен кеурек теріп келіп, одан көже пісіріп, дүйім жұртты аштықтан құтқарған несібесі болды. Бұны өз көзіммен көрдім. Кеурек – киелі өсімдік. Күзге қарай қурағанда одан түйенің жазысына салатын ағаш жасайтынбыз. Басындағы дөңін піскенде қағып алып, қысқа сақтап малға берсе, нағыз соғымға байлаған малдың азығы»- деп аяқтаған болатын хикаясын.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



Зорлық-зомбылықпен күрес

Мұқтаж жандарға көмек

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

«Бір қолымен әлемді, екінші қолымен бегісін тербеткен» аналарымыздың орны ерекше бөлек. Алайда, қазақ қоғамындағы «әйел теңдігі» ғасырдан ғасырға ұласқан мәселе. Бүгінгі күні «әйел теңдігі» деген ұғымнан бір жола ашақ болғандаймыз. Есесіне ол «гендерлік теңдік» деген үлкен саясатқа ұласып 2009 жылы гендерлік теңдік аясында тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заң қабылданды. тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы — тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге, сондай-ақ оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені.

Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялар:

1) тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мәселелері бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілерімен өзара іс-қимыл жасайды;

2) жергілікті атқарушы органдарға тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасына бағытталған ұйымдастырушылық-практикалық шаралар қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;

3) көмек көрсету жөніндегі ұйымдармен бірлесіп тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы және жабірленушілерді оңалту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді.

Арнайы заң қабылданған уақыттан бастап еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі біраз мәселелердің шешуі шыққандай. Яғни әйелдеріміздің күнделікті отбасы, ошақ қасындағы тұрмыс тіршілігінен бастап, биліктегі орнына дейінгі барлық мәселелер жиі көтерілуде. Жалпы, бүгінгі әйелдер қауымының теңдік мәселесі осыдан бір ғасыр бұрынғы жағдаймен мүлдем салыстыруға келмейді. Кезінде әйелдердің білім алу, қызметке орналасуы былай тұрсын, әйел заты отбасындағы бір мүше есебінде ғана бағаланып келген. Қазір бұл мәселе мемлекеттік мәнге ие.

С.Б. Байдрахман,
Приозерск қалалық сотының кеңсе меңгерушісі

ҚАЛАМЫЗДА «ТЕГІН НАН» АКЦИЯСЫ БАСТАУ АЛДЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған «25 ізгі қайырымды іс» атты республикалық акциясы аясында Приозерск қаласының аумағында ағымдағы жылдың 8 қазаны күні «Нұр Отан» партиясының Приозерск қалалық филиалы, жергілікті маслихат депутаттары мен «Жас Отан» жастар қанатының қолдауымен, сонымен қатар Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі мен жастар орталығының мамандарының қатысуымен қаламыздың зейнеткерлеріне арналған «Тегін нан» акциясы бастау алды.

Акция туралы хабарлама кабельді теледидар арқылы жүгіртпе жолаққа берілді. Сондай-ақ, хабарландыру жарнама тақтайшалары мен әлеуметтік желілер арқылы да таратылды.

Аталмыш акция әр аптаның сенбі күндері жәрмеңкеде ұйымдастырылып отыратын болады. Тегін нан зейнеткерлермен қатар ерекше мұқтаж жандарға да берілетін. Ал оларға сенім қағидасы бойынша таратылады.

Елімізде дағдарыстың белең алған шағында осындай игі бастаманың іске асып



жатқаны өзге адамдардың да жүректеріне жылу сыйлап, қайырымдылық сезімдерін оятар деген ойдамын.

Ұ. Алмас,
«Жас Отан» жастар қанатының
Приозерск қалалық филиалының
атқарушы хатшысы

Ответ на жизненно важный вопрос найден
клеточное старение
заканчивается здесь



Исследование, удостоенное Нобелевской премии, открыло фундаментальные причины старения. Ответ нельзя увидеть невооруженным глазом и он звучит так: — «теломеры».

Теломеры — это концевые участки хромосом, выполняющие защитную функцию. Их задача — защищать нашу ДНК. Когда мы рождаемся, наши теломеры длинные. Но далее при каждом делении клетки теломеры укорачиваются и в итоге настолько укорачиваются, что по сути расстрепываются как кончики шнурков у

ботинка. И начинается наше клеточное старение.

Леонард Хейфлик ещё в 1961 году доказал, что клетка делится приблизительно 50 раз, а для большинства человеческих клеток предел Хейфлика составляет — 52 деления и это связано с сокращением размера теломера.

Когда наши теломеры становятся слишком короткими, клетки уже не могут выполнять свои чрезвычайно важные функции, они начинают разрушаться и погибают. Это явление называют апоптоз.

Когда клетки перестают нормально функционировать, они могут стать источником опасных свободных радикалов и воспалительных молекул, которые существенно повреждают соседние клетки.

И здесь на помощь нашему организму приходит, производимый американской компанией Jeunesse Global препарат «Finiti», который содержит запатентованную смесь натуральных ингредиентов, известных способностью безопасно удлинять короткие теломеры и поддерживать здоровые стволовые клетки.

На правах рекламы

Finiti естественным образом повышает активность фермента теломеразы, который способен удлинить Ваши короткие теломеры. Увеличение длины и активности теломеров приводит к обновлению Ваших клеток и вследствие чего происходит омоложение и восстановления всего организма. Тысячи исследований показывают связь между короткими теломерами и естественным процессом старения клеток. Конечно, пока нет способа остановить старение полностью, но здоровые клетки — это значит здоровые внутренние органы. Здоровые органы — это значит здоровое тело. И здоровое тело — это значит, что Вы становитесь сильнее, моложе и счастливее.

По вопросам приобретения обращайтесь по тел. 8-7026040260 (г. Приозерск).

ОСЕНЬ - ВРЕМЯ УКРЕПЛЯТЬ ОРГАНИЗМ

С приходом осени, погода начинает портиться, холодает и очень часто идут дожди, так что можно легко простудиться.

Осенью, мы должны уметь адаптироваться к изменениям погоды и защитить свое здоровье, сохранив при этом свою жизненную энергию.

С наступлением осени большинство из нас болеют вирусными инфекциями, простудой и гриппом. Чтобы избежать простудных заболеваний в холодное время года, нужно вести здоровый образ жизни. Витамины способствуют поддержанию здоровья человека. Витамины особенно необходимы для нас.

Конечно, витамины нужны организму в любое время года, но витамины дополняются в зависимости от того, какое время года за окном. Осенью часто ослабевает иммунитет, поэтому витамины осенью нужны для поддержания иммунитета.

Витамины осенью лучше всего принимать в натуральном виде, есть побольше овощей и фруктов. Главные витамины осенью, это витамин В6, аскорбиновая кислота, витамины Е, А и другие витамины.

Не обойтись без витамина С осенью. Витамин С повышает иммунитет, способствует улучшению общего состояния здоровья, играет важную роль в обмене веществ.

Витамин Е осенью также станет полезным для поддержания иммунитета.

Витамин А осенью можно употреблять для поддержания хорошего состояния волос, зубов и иммунитета. Витамин А получают из продуктов животного происхождения. Источники витамина А — это масло, рыба, яйца и другое.

Свекольный сок — это хороший источник витамина осенью. В свекольном соке содержится большое количество витаминов и минералов, особенно бетаина, важного для обмена веществ. Свекольный сок используют для лечения гипер-

тонии, проблем с сердечно-сосудистой системой, а так же для роста и развития слабых детей.

Но не только витамины осенью полезны для поддержания иммунитета человека. Не стоит забывать и о прогулках на свежем воздухе, регулярных занятиях спортом, тренировки, и о здоровом образе жизни.

Народная медицина предлагает рецепты, которые помогут быстрее восстановить силы и побороть болезнь. Обычно, при простуде рекомендуют применять такие средства:

- глицерин, чтобы побороть кашель (нужно смешать 5 г глицерина, меда, сока лимона и употреблять 3 раза на день до еды);

- отвар из лука (мелко нарежьте лук, залейте 200 мл кипятка и настаивайте 5 минут, а потом ее следует быстро выпить);

- чай от простуды;

- полоскание горла отварами (из шалфея, фиалки, ромашки).

Но, как известно, лучше не ждать болезни, а предотвратить ее наступление. Профилактика простудных заболеваний — это верный путь к здоровью. И осень — самое подходящее время, чтобы активно заняться ею. Ведь именно в этот период и начинается волна инфекционных заболеваний.

С приходом осени и уменьшением количества солнечного света, сокращением светового дня, приходом сырой и часто меняющейся погоды наш организм испытывает стресс. Этот стресс может негативно отражаться на нашем самочувствии, приводит к нарушению режима дня и как следствие к нарушению режима сна.

Сон считается жизненно важным для человека, он величайший создатель крепкой нервной системы. Человек может прожить без еды в течение недели, но несколько дней без сна приведут к большим проблемам.

Во время сна вся деятельность в тканях

замедляется для поддержания и восстановления энергии, так что, по существу сон служит для восстановления физических сил и благоприятствует деятельности человека на следующий день.

Сон — это наука, изучающая не только то, как долго мы должны спать, но и то, что ложиться спать надо в нужное время, в соответствии с биоритмом и сезоном, а также выбрать лучшее положение для сна, повышая при этом качество своего сна.

В течение трех месяцев осени хорошо придерживаться полезной привычки рано ложиться и рано вставать. Еще древние предположили, что с похолоданием следует ложиться раньше, нет необходимости осенью поздно ложиться и рано вставать, опротивело подвергать себя воздействию ветра-холода. Но пора вставать, не должна быть раньше, чем пропоет петух, но и не позже восхода солнца.


Также хорошей привычкой является и то, чтобы вздремнуть в полдень после обеда, в течение примерно 30 минут, тем более, что это важно для людей среднего возраста и пожилых, потому что послеобеденные сны помогают повысить иммунитет, укреплению селезенки и желудка, костей и мышц, предотвратить ишемическую болезнь сердца, гипертоническую болезнь, гастрит и слабоумие, а также продлить жизнь.

Если вы встаете рано утром, то это может уменьшить образование сгустков крови, что способствует снижению риска образования тромбов.

Осенью, внимание должно быть уделено сохранению энергии, а не дисперсии. Нужно быть очень внимательными к своим легким. Вместо того, чтобы питаться пряными продуктами, такими как лук-порей и имбирь, рекомендуется есть больше овощей и сочных плодов кислого вкуса.

Это хорошее время, чтобы делать физические

Здоровый образ жизни



упражнения на свежем воздухе. Упражнения должны варьироваться в зависимости от физической конституции и особенностей сезона.

Не рекомендуется делать изнурительные упражнения и в больших количествах, а лучше делать такие упражнения, чтобы выдержать холода.

Желательно употреблять большое количество витаминов и минералов еще до наступления зимы, чтобы защитить себя от небольших сезонных инфекций, бороться с усталостью, стрессом и хандрой, которая имеет тенденцию появляться в начале осени.

Сбалансированное питание направляет тело в нужное русло здоровья, попробуйте в течение месяца сбалансировать ваши блюда так, чтобы в вашем меню присутствовали продукты, способствующие детоксикации.

Вы можете есть виноград, что позволит стимулировать работу почек и лимфатической системы, не забудьте добавить лук-шалот в ваше меню, глоток селена (антиоксидант) и способствует циркуляции крови.

Приготовьте настой лимона в теплой воде и пейте натощак по утрам, как антисептическое средство и для улучшения процесса пищеварения.

Позаботьтесь о своем организме вовремя!

источник: www.greenworld



**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ
ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!**

**К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ
ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!**

2016 жылғы 21 қазанда 11-30 сағ.
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің Қарағанды облысы бойынша басқармасының бастығы
САТТАР АБҰ-АЛИ АНАРБАЙҰЛЫ
"Нұр Отан Партиясы" қоғамдық бірлестігінің
Приозерск қаласындағы филиалының ғимаратында
Приозерск қ., Балқаш көшесі, 5 үй мекен-жайы бойынша
жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, азаматтардың қылмыстық қудалау
органдарына өтініш жасау, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы,
мұрағаттық мәліметтер
алу қағидаларын, және кәсіпкерлермен бақылау органдары өткізетін тексеріс
сұрақтары бойынша
азаматтарды жеке қабылдауын өткізеді

*Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қарағанды
облысы бойынша басқармасы алдын ала жазылу өткізеді:
тел. +7-(71036)-6-82-78, +7-702-955-77-85,
+7-775-990-00-90 (Whatsapp)*

21 октября 2016 года в 11-30 часов
Начальник Управления Комитета
по правовой статистике и специальным учетам
Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан
по Карагандинской области
САТТАР АБҰ-АЛИ АНАРБАЕВИЧ
в здании Приозерского городского филиала ОО «Партия «Нур Отан»
по адресу: г.Приозерск, ул. Балхашская, 5
проведёт личный прием с гражданами
по "порядку обращения в органы уголовного преследования, рассмотрению обращений
физических и юридических лиц, выдаче справок о наличии либо отсутствии судимости,
архивных сведений",
а также с предпринимателями по вопросам проверок, осуществляемых контролирующими
органами.

*Предварительная запись осуществляется Управлением Комитета по правовой статистике
и специальных учетов ГП РК по Карагандинской области по телефонам: +7-(71036)-6-82-78,
+7-702-955-77-85, +7-775-990-00-90 (Whatsapp).*

ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ТҮРҒЫНДАРЫ!

«Приозерск қаласы көшелерінің атауларын өзгерту бойынша материалдарды
Приозерск қалалық мәслихатының қарауына енгізу туралы» Приозерск қаласы
әкімдігінің 2016 жылғы 13 қазандағы № 38/1 қаулысына сәйкес әлеуметтік-мәдени даму
және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі Приозерск қалалық мәслихатының
тұрақты комиссиясы көшені қайта атау мәселесі бойынша көпшілік тыңдаулар
өткізетінін хабарлайды:

1) Центральная көшесін - Тауелсіздік көшесіне
2) Пионерская көшесін - Ақмамық көшесіне
3) Нагорная көшесін - Көкжиек көшесіне
4) Приморская көшесін - Бәйтерек көшесіне
5) Приозерная көшесін - Көктеңіз көшесіне
6) Новая көшесін - Қоржынтүбек көшесіне
7) Песчанная көшесін - Наурыз көшесіне
8) Совет Армиясы бульварын - Жәніс бульварына
9) Транспортная көшесін - Талғат Бигелдинов көшесіне
10) Гвардейская көшесін - Сағадат Нұрмағамбетов көшесіне

Осыған орай Сіздерді Приозерск қаласы, Космонавттар көшесі, 2 мекенжайы бойынша
«Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының орталығы ғимаратының
екінші қабатындағы акт залында 2016 жылғы 28 қазанда сағат 17.00 өтетін көпшілік
тыңдауларға қатысуға шақырамыз.
Назар аударыңыз! Қатысушыларды тіркеу сағат 16.00 басталады.

Әлеуметтік-мәдени даму және халықты
әлеуметтік қорғау жөніндегі
Приозерск қалалық мәслихатының
тұрақты комиссиясы

УВАЖАЕМЫЕ ПРИОЗЕРЦЫ!

Доводим до вашего сведения, что, в соответствии с поступившим Постановлением
акимата г. Приозерск № 38/1 от 13 октября 2016 года «О внесении на рассмотрение
Приозерского городского маслихата материалов по переименованию улиц города
Приозерск», постоянной комиссией по социально-культурному развитию и социальной
защите населения Приозерского городского маслихата объявляются публичные слушания
по вопросу переименования улиц:

1) улицу Центральная – на улицу Тауелсіздік (Независимости)
2) улицу Пионерская – на улицу Ақмамық
3) улицу Нагорная – на улицу Көкжиек
4) улицу Приморская – на улицу Бәйтерек
5) улицу Приозерная – на улицу Көктеңіз
6) улицу Новая - на улицу Қоржынтүбек
7) улицу Песчанная - на улицу Наурыз
8) Бульвар Совет Армии – на бульвар Жәніс (Победы)
9) улицу Транспортная - на улицу Талғат Бигелдинов
10) улицу Гвардейская - на улицу Сағадат Нұрмағамбетов

В связи с этим приглашаем Вас принять участие в публичных слушаниях, которые
будут проведены 28-го октября 2016 года в 17.00 часов на 2-ом этаже актового зала Центра
детско-юношеского творчества «Достық» по адресу: г. Приозерск, ул Космонавтов, 2.
Внимание! Регистрация участников начинается в 16.00 часов.

Постоянная комиссия
по социально-культурному
развитию и социальной защите населения
Приозерского городского маслихата

Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!

2016 жылғы 14 қазанда «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалының
қоғамдық қабылдау бөлмесінде (Балқаш к.,5 үй) сағат 17.00 -18.00 дейін
азаматтарды қабылдау өтеді.
Қабылдауды «Нұр Отан» партиясының мүшесі, әлеуметтік мәселелер жөніндегі
қала әкімінің орынбасары Б.Қазиева жүргізеді.

2016 жылғы 21 қазанда «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалының
қоғамдық қабылдау бөлмесінде (Балқаш к.,5 үй) сағат 17.00 -18.00 дейін
азаматтарды қабылдау өтеді.
Қабылдауды «Нұр Отан» партиясының мүшесі, коммуналдық және қаржы
мәселелері жөніндегі қала әкімінің орынбасары Д.Саденов жүргізеді.

2016 жылғы 26 қазанда «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалының
қоғамдық қабылдау бөлмесінде (Балқаш к.,5 үй) сағат 17.00 -18.00 дейін
азаматтарды қабылдау өтеді.
Қабылдауды «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалының төрағасы,
қала әкімі Қ.Камзин жүргізеді.

Уважаемые жители города Приозерск!

14 октября 2016 года с 17.00 до 18.00 ч. в общественной приемной Приозерского
городского филиала партии «Нұр Отан» (ул.Балхашская 5) пройдет прием граждан.
Прием будет вести член партии «Нұр Отан», заместитель акима города по социальным
вопросам Б.Казиева.

21 октября 2016 года с 17.00 до 18.00 ч. в общественной приемной Приозерского
городского филиала партии «Нұр Отан» (ул.Балхашская 5) пройдет прием граждан.
Прием будет вести член партии «Нұр Отан», заместитель акима города по
коммунальным и финансовым вопросам
Д. Саденов.

26 октября 2016 года с 17.00 до 18.00 ч. в общественной приемной Приозерского
городского филиала партии «Нұр Отан» (ул.Балхашская 5) пройдет прием граждан.
Прием будет вести председатель Приозерского городского филиала партии «Нұр Отан»,
аким города Приозерск
К. Камзин.

**ПРОДАЕТСЯ
СРОЧНО**
1) Стильная новая норковая
шуба, длина ниже колен,
размер 44-46, цвет
натуральный с капюшоном,

прямой крой за 500 000 тг.
2) Дубленка длинная,
цвет темно- серый размер
44-46-48, цена 115 000 тг.
Звонить по телефону :
87474380827, 871039-53611

РАЗНОЕ
Моно-колесо СХМ (Китай), белый цвет,
бу, с голосовым интерфейсом,
светодиодная подсветка, USB-порт, в
комплекте с зарядником от 220 В. АКБ
хватает на 2-3 дня автвного
использования, запас хода - 100 км. в
пользовании 1 месяц, ХТС.
Разумный торг уместен.
телефон для справок: 87072040260.

Блок-фара левая, а/м Мазда-626,
(переходка), бу, в хор. состоянии
Телефон: 87072040260

УСЛУГИ
Установим натяжные потолки.
Обращаться по телефону: 87026988613,
Мади.

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в
Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,
ул. Сатпаева 15. Заказ № 41/477. Тираж: 500 экз., объем-3 п.л.,
формат - А2, 12 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы
обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный
адрес: prz_westnik@mail.ru

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за
точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других
данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений.
Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции
запрещена.*

Газета распространяется в местах продажи газет и
журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и
частными распространителями в г.Приозерске и
г.Караганда, а также по подписке во всех городах и
районах области.
Подписной индекс - 65041